

"Ойыл ауылдық округінің Тайлақбай қыстағында орналасқан "Асылбек" шаруа қожалығы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы"

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 24 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 ақпанда № 4749 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 04.01.2017 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № ВО 3-4/345 ұсынысы негізінде, Ойыл ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ**

ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Ойыл ауылдық округінің Тайлақбай қыстағындағы "Асылбек" шаруа қожалығы аумағында ұсақ малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл ауылдық округ әкімі

И. Сабиржанов